

Мақат аудандық ауруханасының қызметінің бағыты бойынша қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердегі және мемлекеттік қызмет көрсету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытына ішкі талдау жұмыс тобының жария талқылау хаттамасы

Мақат кенті

08.07.2026ж.

Өткізілген орыны, уақыты: Мақат кенті, Егемен 27, №6 үй, Мақат аудандық орталық ауруханасы,
2 – ші қабат, мәжіліс залы сағат-11:00.

Комиссия мүшелері:

- 1) Айтмағамбетова Айгул Ермековна (директордың орынбасары – жұмыс тобы төрайымы).
2. Таганиязова Шолпан Есеновна (бас медбике)
3. Жумағалиев Ахметжан Сариевич (ішкі аудит дәрігері)
4. Елемесова Айнур Кажмухановна (ДКК дәрігері)
- 5) Тайпанов Едил Маратович (заңгер – персоналды басқару бөлімінің меңгерушісі)

Күн тәртібінде: Мақат аудандық ауруханасының заңгері Е.Тайпанов Кәсіпорын қызметін ұйымдастырушылық – басқарушылық және мемлекеттік қызмет көрсету бағыттары бойынша қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында құқықтық актілер зерделеніп, анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлары көрсетілді.

- 1) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы.
- 2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Айтмағамбетова А.Е, осы жиналысқа қатысушылардан баяндалған құқықтық актілерге жүргізілген жария талқылауға ұсыныс, сұрақ, ой-пікірлерін білдіруді сұрады;

Жиналыс соңы сұрақтармен ой-пікірлер алмасумен аяқталды.

Комиссия мүшелері жоғарыда аталғандардың негізінде шешім етті.

1. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына "D & DEMEU" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасақталған Шартты бір жақты бұзуды және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге.

2. Жалпы тәжірибелі дәрігері Б.Оразованың қызметіне қатысты ішкі аудит дәрігерімен қызметтік тексеруді ұйымдастыру.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығысы жоғары салаларға қатысты қызметті тұрақты ішкі бақылау.

4. Ұжымда адал еңбек культін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру.

Комиссия төрағасы:



А.Е.Айтмагамбетова

Комиссия хатшысы:



Е.Тайпанов